

Ресей елшісі И.И.Неплюевтің Осман империясындағы саяси және дипломатиялық қызметі.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің
II курс PhD докторанты Абдукадыров Н.М.
Алматы, Қазақстан

Андатпа. XVIII ғасырда бүкіләлемдік империалистік мемлекеттер арасындағы саяси және экономикалық қатынастарды реттеуде халықаралық дипломатия аса маңызды роль атқара бастады. Өйткені, осы кезеңде еуропалық империялар арасында туындаған халықаралық жанжалдар мен саяси мәселелер дипломатиялық қатынастар арқылы шешіліп отырды және ол халықаралық дипломатия ісінің дамуына түрткі болды. XVIII ғасырда халықаралық дипломатияның аясында орыс-түрік дипломатиясы да жанданды. Екі мемлекет арасындағы саяси және дипломатиялық қатынастарды реттеуде бірқатар елшілер мен дипломаттар қызмет етті. Солардың бірі, Осман империясында елшілік және резиденттік қызметтер атқарған И. И. Неплюев болды. Мақала, 1721-1734 жылдары Ресейдің Осман империясындағы резиденті қызметін атқарған И.И.Неплюевтің саяси және дипломатиялық қызметін зерттеуге арналады.

Кілт сөздер. И.И.Неплюев, Осман империясы, Ресей, Дипломатия, орыс-түрік қатынастары.

XVII ғ. соңы мен XVIII ғасырдың басында Еуразия кеңістігінде бір-бірімен көрші орналасқан Осман империясы мен Ресей арасында геосаяси және геоэкономикалық мәселелерге байланысты бірнеше соғыстар мен саяси тартыстар орын алды. Мұның басты себептері Ресейдің Жерорта теңізіне және сол арқылы дүниежүзілік сауда орталықтарына шығу жоспарларынан туындады, ал Осман империясы оған кедергі болып, керісінше өзіне Азияға қарай тереңірек енуді мақсат етті. Алайда, 1711 жылы Прут соғысында Ресейдің Осман империясынан жеңілуіне байланысты I Петрдің сыртқы саясаттағы аталған жоспарлары орындалмай қалды [1, 44-45 б.б]. Осыған орай, Ресей басшылығы Осман империясымен бейбіт қарым-қатынастар жасауға көшті. Өйткені, бұл мемлекеттер арасында мұндай саяси тартыстар орын алғанымен, олар бір-бірімен түрлі салалар бойынша байланыстарын үзген жоқ. Екі жақтың елшілері сыртқы саясатта бір-біріне басты бәсекелес ретінде танылған Осман империясы мен Ресей арасын жақындастыру үшін қызмет етті.

1721 жылы Ресей Солтүстік соғыста Швецияны жеңген соң, осы жылы өзін Ресейдің алғашқы императоры етіп жариялайды. Ресей осы соғыстың өз тарихында бірінші рет теңізге шығып, Балтық теңізі арқылы еуропалық мемлекеттермен сауда қатынастарын орната бастайды. Ендігі кезекте, Ресей императоры Жерорта теңізіне және сол арқылы дүниежүзілік мұхитқа шығуды көздейді [2, 135-137 б.б]. Осылайша, өз мемлекетінің экономикасын еуропалық империялар сияқты теңіз сауда жолдары арқылы дамытуды

жоспарлаған І Петр, әуелде Қазақстан және Орталық Азия территориялары арқылы Үнді мұхитына шығуды жоспарлады. Алайда, бұл жоспар көп уақыт пен қаржыны талап етті. Сондықтан, өзінің бұл жоспарының жүзеге асырылуы үшін, сол уақытта Жерорта теңізіне шығатын жолдар мен порттарды өз бақылауында ұстаған Осман империясымен байланыстар орнату қажеттігі туындады. Жалпы, бұған дейін де Ресей императоры І Петр, өзі мемлекет басқарған тұста мемлекеттің сыртқы саясатында Осман империясы мен Ресей арасында бірқатар маңызды өзгерістер орын алған еді. Оның ең маңызды факторы 1711 жылы Осман империясы мен Ресей арасындағы Прут соғысы болып, бұл соғыста І Петр жеңіліске ұшыраған еді. І Петр бұл соғыста жеңілгендіктен, Осман империясына қатысты болған сыртқы саяси мәселелерді бейбіт жолмен шешуге тырысты [3, 212 б]. Ол өз мемлекетінің сыртқы саясатындағы түрлі мәселелерді империяның тағдыры үшін өте маңызды деп санап, әрқашан да осындай мемлекеттік мәселелерді шешумен айналысты [4, 21 б]. Бұл жағдай Ресейдің дипломатиялық аппаратының нығаюына үлесін қосып, шетелдерде өзінің тұрғылықты өкілдігін құру арқылы Ресейде батысеуропалық миссияның пайда болуын көздеді. І Петрдің басқару кезеңінің аяқталар тұсында ресейлік консулдық пен елшілік қызметтер әлемнің жиырма елінде болды, солардың бірі Осман империясында еді [5, 38 б]. 1721 жылы Ресей императоры І Петрдің нұсқауы бойынша И.И.Неплюев, Ресейдің Осман империясындағы тұрақты және өкілетті елшісі болып тағайындалды [6, 138 б]. Осман империясымен сыртқы саясатта сауда-экономикалық және дипломатиялық байланыстар жүргізу қажеттігін түсінген І Петр, И.И.Неплюевтің дипломатиялық қабілеттері мен елшілік қасиеттерін ескере отырып, оны Стамбулға арнайы миссияларды орындауға жіберді. Өйткені, Ресейдің Батысқа және бүкіләлемдік экономикалық орталықтарға қарай жылжуда кедергі болып отырған Осман империясының ішкі және сыртқы саясаттағы стратегиялық жоспарлары мен оның экономикалық күш-қуатының қаншалықты дәрежеде екендігін білу І Петр үшін өте маңызды болды [7, 58 б].

И.И.Неплюев елші болып сайланған алғашқы жылдары Ресей мен Осман империясының арасындағы саяси байланыстарды ретке келтіру жұмыстарымен шұғылданды. Ол өзінің елшілік қызметі барысында Осман империясы мен Ресей арасындағы сыртқы саяси және сауда-экономикалық қатынастарды дұрыс жолға қойып, орыс-түрік дипломатиясын жандандыруға күш салды. Соның негізінде, И.И.Неплюев өзінен бұрын Ресейдің Осман империясындағы елшілері болған П.А.Толстой, А.И.Дашков сынды елшілер сияқты өзінің дипломатиялық істердегі шеберлігімен үнемі Ресей императорларының мақтауына ие болып отырды [8, 96 б]. Ресей үкіметінің елшілік миссияларын атқару үшін Стамбулға келген И.И.Неплюев ең алдымен өзінің түрік тілін жетік меңгеру қажеттігін түсініп, оны үйренуді қолға алады. Өйткені түрік қоғамына етене араласу үшін түрік тілінде еркін сөйлеп және жазу керек болды. Ол өзімен бірге Стамбулдағы Ресей елшілігіндегі барлық қызметкерлерге түрік тілін жетік білуді бұйырды. Осман империясында қызмет ететін болашақ орыс елшілері мен

дипломаттарын дайындау мақсатында ол елшілік жанынан тіл үйрену мектебін ашады. Оған Ресей үкіметі қаржылай қолдау көрсетіп, мұнда алғашында тек түрік тілін үйреткен болса, кейіннен грек, латын, итальян тілдерін үйрету жұмыстары қолға алынды. Өйткені, Стамбулда өзге ұлт өкілдері мен шетелдік орталықтар көп болды және И.И. Неплюев түрік қоғамында қызмет етіп жатқан шетелдік дипломаттармен де байланыс жасауды жолға қойды. И.И. Неплюевтің ұйғарымы бойынша Стамбулдағы елшілікке Ресейден болашақ дипломат болуға қабілетті 11-13 жас аралығындағы балаларды тартты. Бұл мектепте олар латын, грек, итальян, түрік және басқа да батыс тілдерін үйреніп, Еуропаның мәдениетін өз бойына сіңірді [9, 108-109 б.б]. И.И.Неплюев болашақ дипломаттардың сапалы дайындалуын көздеп, оқытушы мамандардың және оқушылардың ынтық аяқталу мақсатында олардың материалдық жағдайын көтеруді мемлекетке ұсынды. Төлемақы мөлшері оқушылардың білім деңгейіне және игерілген білімнің көрсеткіштеріне қарай төленді [10, 176-177 б.б.].

И.И.Неплюевтің болашақ дипломаттарды дайындау идеясы Ресей үкіметінде кең қолдауға ие болып, 1724 жылы Стамбулға Петербургтен оқушылар әкелінді. Олардың көпшілігі сарай қызметкерлерінің балалары болып, болашақта екі мемлекет арасында дипломатиялық қызмет атқару үшін дайындалатын болды. И.И.Неплюев тәрбиесіне қабылданған болашақ дипломаттар Осман империясының мемлекеттік басқару құрылысымен, экономикасымен, мәдениетімен, қоғамдық өмірімен терең танысып, болашақта екі мемлекет арасында түрлі миссияларды орындауға үйретілді. И.И.Неплюевтің бұл әрекеттері Ресейдің Осман империясындағы елшілік қатынастарының болашақта ұзақ уақытты қамтитындығын көрсетті. Сонымен қатар, бұл уақытта түрік тілін жетік білу және түрік мәдениеті мен қоғамдық өмірі туралы таныс болу қажеттілігі тек Стамбулдағы Ресей елшілігі үшін ғана емес, сонымен бірге Ресей астанасы Петербургке келіп жатқан Осман империясының дипломаттары мен елшілерін қабылдауда және олармен экономика мен мәдениеттің түрлі салалары бойынша жақсы келіссөздер жүргізу үшін қажет болды [11, 19-21 б.б.].

И.И.Неплюевке елшілік барысында Осман империясында тұтқынға түскен Ресей азаматтарын кері қайтару жұмыстары жүктелді. Алайда, бұл уақытта Осман империясында тәртіп бұзған және мемлекет шекараларында заңсыз әрекет етіп, тұтқынға түскен Ресей азаматтарын жай ғана келіссөздер жүргізу арқылы кері қайтару мүмкін емес еді. Олардың әрқайсысының істеген қателігі үшін Осман үкіметі тарапынан бекітілген айыппұлды төлеу керек болды. Сонымен қатар, елшіге Осман мемлекетіндегі христиан дінінің Православ бағытын ұстанғандарды босату ісі тапсырылды. И.И.Неплюев тұтқынға түскен Ресей азаматтарының өтінішін жеткізді. Өздерінің олқы істері бойынша айыпталушы тұтқындар өздерін құтқару үшін Ресей үкіметінен көмек сұрады. Ал тұтқыннан өздері құтылған азаматтар И.И.Неплюевтен өздерін Ресейге жеткізуді сұрады. И.И.Неплюев тұтқындарды өзі елшілік қазынасынан қаржы бөліп сатып алды және оған жұмсалған қаржы көлемі бойынша Ресей үкіметіне беретін есебінде нақты

көрсетіп отырды [12, 253-255 б.б.]. Жалпы, И.И.Неплюев өзінің елшілік қызметі барысында Осман империясына тұтқынға түскен Ресей азаматтарын бейбіт келіссөздер арқылы кері қайтарып алып отырды. Олардың арасында сауда-саттық істерінде және қоғамда түрлі заңсыз әрекет жасап тұтқынға түскен азаматтарды Осман үкіметі белгілеген айыппұлын төлеп кері қайтарып алып отырды. И.И.Неплюев өзінің алғашқы елшілік қызметін басқарған жылдары Осман мемлекетінде тұтқынға түскен 70-тен астам Ресей азаматтарын айыппұл төлеп кері қайтарып алған. Тұтқындар арасында түрік тілін жақсы меңгерген адамдарды И.И.Неплюев елшілікте аударма жұмыстарына пайдаланды. Олар елшілікте түрік тілінде жазылған хаттар мен түрлі іс қағаздарын орыс тілін аударуға көмектесті. Тұтқындар арасында түрік тілін білетін адамдарды өздеріне қалдырып, қалғанын Ресейге жөнелтіп отырды [13, 386-387 б.б.].

И.И.Неплюев өзінің елшілік қызметі жылдарында Осман империясы мен Ресей арасындағы саяси және экономикалық байланыстарға қатысты болған көптеген естеліктер, мемуарлар, есептер жазып қалдырған. Алайда оның көпшілігі жоғалып, бүгінгі күнге дейін жетпеген. Стамбулда елшілік қызметін атқарған И.И.Неплюевтің басқа елшілерден ерекшелігі – ол Осман империясында діни істерге араласты және дипломатиялық істерге белсене кірісті, сонымен қатар Стамбулдағы басқа елдердің дипломаттарымен де байланыс жасады. Оның мұндай қызметтері туралы қазіргі таңда Ресей мұрағаттарында сақталған мемлекеттік маңызы бар құжаттар дәлел бола алады. Олардың қатарына Осман империясы мен Ресей арасындағы келіссөздер, грамоталар, хаттар және елшінің өз мемлекетіне Петербургке беріп отырған есептері жатады. Сонымен қатар, И.И.Неплюевтің замандастары болған Ресейдегі шенеуніктер жазып қалдырған түрлі заманхаттар [13, 388-389 б.б.] мен Ресей империясының ішкі және сыртқы саяси қатынастарға қатысты болған құжаттар Неплюевтің Стамбулдағы атқарған істері туралы мол мәлімет береді. Мұрағат материалдарында И.И.Неплюевтің елшілік істерінен бөлек дипломатиялық қарым-қатынасты күшейтуі және соның негізінде Осман империясының ішкі-сыртқы саяси жағдайымен толық танысуы туралы мәліметтер де көрсетілген.

И.И.Неплюевтің елші болған тұсында Стамбулдағы орыс елшілігі Осман империясының ішкі және сыртқы саяси мәселелеріне етене араласты. Елшілік қызметкерлері осман үкіметінің билеушілерімен жақын болуға тырысты. Осман империясында И.И.Неплюев бастаған елшілердің атқаратын міндеті тек дипломатиялық істермен шектелмеді, олар әртүрлі қоғамдық жұмыстарды жасауға дағдыланды. Мұның дәлелі ретінде айтар болсақ, И.И.Неплюев Осман империясындағы орыстардың білімі, діні, сауда-саттық сияқты салалардағы мәселелеріне араласып отырды. Осман мемлекетінде қоғамның әртүрлі орталарымен танысып, жақсы қарым-қатынас орната білуді және өзіне тиісті болған салалардан көптеген ақпараттар жинауды өзіне негізгі міндет деп санаған ол, өз қызметі барысында мемлекет экономикасы мен саяси әрекеттерін, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен әлеуметтік жағдайын үнемі бақылап, қадағалап, мұндай кең ауқымды

мәліметтерді Ресей әкімшілігіне жөнелтіп отырды. Өйткені, Осман империясын өзінің сыртқы саясаттағы негізгі бәсекелесі деп таныған Ресей үкіметі үшін ондағы қоғамдық өмірдің барлық салалары бойынша мәлімет алу өте маңызды еді. И.И.Неплюевтің осындай белсенді жұмыстары үшін Ресей үкіметі оған Ресейдің Осман империясындағы «резиденті» деген атақ берген [14, 159-161 б.б.].

И.И.Неплюев тек Осман үкіметімен қатынас орнатып қоймастан, сонымен бірге Стамбулдағы еуропалық елшілермен де дипломатиялық байланыстар жүргізуді жолға қойды. Оның бұл әрекеттері Ресейдің Еуропаға қарай жақындауына аз да болса серпін берді. Бұл кезде Стамбулда шетелдік елшілер көп еді. Стамбулда И.И.Неплюевтің көмекшілері мен тілшілері Г.И.Головкин және А.И.Остерман болды. Шетелдік іскерлік мүшелері Ресейлік елшіліктің ресми өкіміне сәйкес, И.И.Неплюев Петербургке ақпаратты тек жіберіп қана қоймай, сонымен қатар басқа да Еуропа аумағына кіретін орыс елшілерімен хабарласып, хат алысып тұрған. Иран мен Украинадағы Ресей әскерінің бас қолбасшыларымен - генералдар В.В.Долгоруковпен, В.Я.Левашовпен, А.И.Румянцевпен, Киев губернаторы Вейсбахпен тығыз байланыста болған. Оның бұл әрекеттеріне қарай отырып, өзі Стамбулда елші қызметін атқарып жүргенімен шектелместен, Ресейдің сыртқы саясатына қатысты бірқатар мәселелермен шұғылданып жүргенін көруге болады. Стамбулда жүріп, Ресей мен Осман империясы арасындағы дипломатиялық қызмет атқарған И.И.Неплюев өзінің тілшілері мен сенімді адамдарын Парижге, Амстердамға, Венаға және Берлинге түрлі саяси ақпарат жинау үшін жіберді. Оның бұл елдердегі жеке тілшілері: Венада Л.И.Ланчинский, Голландияда Б.И. Куракин, Парижде А.Б. Куракин, Берлинде А.Г.Головкин болды [15, 194-196 б.б.]. Сонымен қатар, И.И.Неплюевтің тілшілері Еуропаның басқа елдерінде де қызмет етті. И.И.Неплюевтің шетелдерде бұлай тілшілер мен өз сенімді адамдарын ұстау І Петрдің тапсырмасына байланысты жасалып, онда И.И.Неплюевке Осман империясының бұл мемлекеттермен қандай байланыста екендігін біліп, оны Петербургке жеткізу тапсырылды. И.И.Неплюевті өзінің ең сенімді адамы деп есептеген І Петр бұл тапсырмаларды орындауда оған үлкен сенімділік пен өте құпия түрде жұмыс жасауды тапсырған. Осман империясының Еуропа мемлекеттерімен саяси, экономикалық және достық қарым-қатынастарының қандай дәрежеде екендігін білу Ресей үшін өте маңызды болды. Өйткені, Осман империясымен соғыса қалған жағдайда, Еуропа мемлекеттерінің Осман империясын қолдауы немесе қолдамауы І Петрді қатты алаңдатты. Прут соғысында жеңіліс тапқан І Петр Осман мемлекетімен қашан да болмасын соғысуы әбден мүмкін еді. Бірақ ол соғыстың қашан және қалай болары белгісіз еді [16, 97-98 б.б.]. Ресей елшісі Осман империясының ішкі және сыртқы саясатына қатысты, Иран мен Қырым арасындағы қатынастардың жағдайын, Украинаның шекаралық аймағы туралы мәліметтерді жайлы егжей-тегжейлі талқылап, жеткізіп отырды. Кей хаттардың арасында Осман мемлекетінде болып өткен үкімет істеріне қатысты конференцияларда түзілген хаттамаларының мазмұны туралы және

ондағы түрік сұлтаны немесе уәзірлерінің Ресейдің сыртқы саясаттағы әрекеттеріне қатысты туындаған даулы сұрақтарына қатысты ресми жолдаулары жайлы да жазылып отырды [17, 116-117 б.б.]. И.И.Неплюевтің мұндай әрекеттері, оның Осман империясына елші болып келген кезінен-ақ басталған болатын. Оның бұл әрекеттері Петербургте үлкен қолдауға ие болып, үкімет жиындарында Стамбул елшілігінің жағдайын жақсарту туралы әңгімелер көтерілді. Осы ретте Осман империясына Ресейдің елшілік және дипломатиялық миссиясын орындау үшін келген И.И.Неплюевтің әлеуметтік жағдайы туралы сипаттайтын болсақ, Стамбулдағы Ресей өкілінің өмір сүру деңгейі мен жұмыс тәртібі өте жақсы дәрежеде болды. Ол Ресей тарапынан берілген дипломатиялық тапсырмаларды өз уақытында орындап, Осман империясы мен Ресей арасында жақсы қарым қатынас орната білді. Осман билеушісі III Ахмет сұлтанға үлкен құрмет көрсетіп, оның сенімінен шығуға тырысты. Қандай саяси мәселелер туындаса да оны лезде дипломатиялық жолмен шешуге талпынды. И.И.Неплюев 1724 жылы Ресей мен Осман империясының арасында жасалған Стамбул келісімінде Ресей үшін маңызды нәтижелерге қол жеткізіп, Осман империясымен бейбіт келіссөздер жүргізді. Бұл оның дипломатиялық қызметіндегі ең ұтымды істердің [18, 67-68 б.б.] бірі болды.

Осман империясында И.И.Неплюев бастаған Ресей елшілігіне саяси және дипломатиялық қызметтермен бірге діни мәселелерді шешу міндеттелді. И.И.Неплюевке сол уақытта Осман империясының аумағындағы православиелік шіркеудің патриархтарымен қарым-қатынастар орнату міндеті жүктелді. Мұндай міндеттерге қарай отырып, И.И.Неплюевтің саяси, дипломатиялық, экономикалық қатынастармен қатар діни қатынастарда да қызмет атқарғанын байқауға болады. Осман империясындағы православ шіркеулері мен Ресей үкіметінің арасындағы байланыстарды реттеп отыру И.И.Неплюевтің Осман империясындағы ең ірі міндеттерінің бірі болды. Екі мемлекет екі дінді ұстанғандықтан мемлекеттер арасында діни қатынастар айтарлықтай орын алған жоқ, бірақ, Православ дінін ұстанған Ресей үшін Осман империясындағы Православтардың рухани өмірі маңызды болғандықтан, И.И.Неплюевке Осман үкіметімен аз да болса, діни қатынастар жөнінде де келіссөздер жүргізуге тура келді.

1721 жылдың қыркүйегінде Стамбулдағы христиан православтарының патриархы Иеремийге Стамбулдағы Православ орталығын қолдайтыны туралы жазылған император I Петрдің жолдауы жіберілді [19, 514-516 б.б.]. Онда Киелі Синодтың I Петрдің ұлылығын және Православ әлемінің ең мықты билеушісі екендігін мойындауы туралы сұрақтар қойылған еді. Алайда бұл сұраққа 1722 жылдың басында патриархтың бірнеше жауап хаттары жазылғанымен, онда нақты жауап көрсетілмеді. Бұл жайлы сұрақтар қайта туындаған кезде, Стамбул патриархы Киелі Синодтың шешімін қабылдайтын бірқатар мүшелерінің сол уақытта жоқ болғандығын айтып ақталды. Осыған байланысты 1723 жылдың 31 шілдесінде И.И.Неплюевке арнайы құпия түрде жазылған тапсырма беріліп, онда Синодтың I Петрдің жолдауын қабылдауы туралы олардың шешімі мен жауабының соншалықты

ұзартылуының себебі неде екендігін анықтау мәселесі жүктелді. Осы жылдың күзінде Петербургке шығыс патриархтарының жауабы келді және онда I Петрдің реформасын шіркеудің заңды түрде қабылдағаны жайлы хабар жетті [19, 515-517 б.б.].

И.И. Неплюевке діни мәселелер бойынша Ресей үкіметі тарапынан тағы бір тапсырма берілді. Бұл тапсырманың негізі 1718 жылы өртенген Киев-Печерск шіркеуінің өртену себептерін анықтау болатын. Өйткені, бұл шіркеу бұрын Стамбулдағы Православ патриархына бағынатын еді. Шіркеуде тарихи құжаттар мен естеліктер өте көп болып, сақталған құжаттар өртеніп кеткендіктен, мұндағы шіркеу грамоталарын қайта жасау керек болды. Өртенген шіркеудің патриархтары И.И. Неплюевке өтініш білдіріп, ол бойынша Стамбулдағы патриархтардың мұрағаттарынан Киев-Печерск патриархтарының Ресей үкіметінің атына жазылған грамоталарының көшірмелерін алып оны Петербургке жөнелтуін өтінді, сондай-ақ, өздерінің Ресей билігін құрметтейтіндігін және оған адал екендігін жеткізуді сұрады. Сонымен қатар, өздерін Ресей үкіметінің қамқорлығына алуына өтініш білдірді. Ресей үкіметі ешқандай қарсылықсыз бұл өтінішті қабылдап, И.И.Неплюев арқылы оған да өз қамқорлығына алатынын жеткізді. Осының негізінде, Стамбул патриархы да Ресей үкіметімен тығыз байланыс орнатып үлгерді. И.И.Неплюевтің Стамбулда жүргізген діни әрекеттерінің арқасында Ресей үкіметі мен Стамбулдағы Православ шіркеуінің арасында тығыз байланыстар орнады және олар I Петрдің билігін мойындап, оған арқа сүйеді. Ресей үкіметі Осман империясындағы патриархтарға үнемі көмек көрсетіп отырды. Осман үкіметінің өзге діндерге қысым көрсетпейтіндігін түсінген И.И.Неплюев Стамбул мен Петербург арасындағы діни қатынастарды жалғастырды [20, 82-83 б.б.].

Стамбулдағы И.И. Неплюевтің діни міндеті мен қызметі, негізінен Осман империясының құрамындағы Православ шіркеуі мен осы дінді ұстанатын халықтарды Ресей үкіметімен жақындастыру болды. Өйткені, Ресей үкіметі Осман империясындағы Православ халықтарына қамқор болуды өзіне міндет тұтынған болатын. Шіркеулер арасындағы байланыстарды жолға қою үшін И.И.Неплюев Осман үкіметінен үнемі рұқсат алуға тиіс болған. Ешқандай дінге тосқауыл қоймастан, діндердің бейбіт өмір сүру қағидасын ұстанған Осман мемлекеті И.И.Неплюевтің діни істеріне қарсылық танытқан жоқ. Осман үкіметі елшіден тек дінді дұрыс жолға қоюын, оларды саяси істерге араластырмауын, діндер арасындағы татулықты ұстануын және шіркеулер мен патриархтар арасында ауызбірліктің болуын талап етті. Елші И.И.Неплюев мұның барлығын орындап осман билігінің де өз билеушісінің де көңілінен шығып отырды. Ресей елшісінің діни қызметтегі мұндай жетістіктері мен оған осман үкіметінің ешқандай қарсылық көрсетпеуі, Осман империясы мен Ресей мемлекеті арасындағы жақсы қарым-қатынастарының бір символы болды. Өйткені, бұл уақытта елшілер тек саяси және дипломатиялық қатынастарда ғана емес, сонымен қатар елшілік қызметін атқарып жүрген мемлекетіндегі діни ахуалды да реттеп отыруы тиіс еді. [20, 84-85 б.б.].

И.И.Неплюев Стамбулда дипломатиялық миссияларды орындау кезінде көбінесе, Ресей мен Осман империясы арасындағы Кавказ территорияларына қатысты геосаяси мәселелерді шешуге әрекеттеніп отырды. Дипломат әсіресе Кавказда Әзірбайжан мен Грузия және қазіргі Армения территориялары үшін Ресей мен Осман империясының және Иранның арасында туындаған тартыстарды келіссөздер арқылы шешуде көп қызмет етті [21, 29-30 б.б.]. Алайда, 1730 жылдары Осман империясы мен Ресей арасында шекара мәселелері туындап, Стамбулда И.И.Неплюевтің беделі уақыт ағымына сәйкес құлдырай бастағаны айқын сезілді. Соның негізінде оның Осман үкіметінің адамдарымен жасаған келіссөздері нәтижесіз болып, олардың арасы салқындай бастады [22, 123 б.]. 1733 жылы орыс-түрік дипломатиялық байланыстары арасында кезекті шиеленіс кезінде, резидент сабыр сақтап, осман басшылығымен келіссөздер жүргізіп, оның нәтижесін күтті, бірақ түріктер бұған келіспеді. Мұның барлығы 30-жылдары Ресей мен Осман империясының арасында саяси қатынастардың бұзылуына байланысты, осман үкіметінің Стамбулда Ресей елшісіне көрсеткен құрметсіздігімен сипатталды. Расында да, 1730 жылдары Стамбулда Ресей елшілеріне қысым күшейіп, И.И.Неплюевтің резиденттік атағына нұқсан келтірді [23, 110 б.]. Резидент И.И.Неплюев екі империя арасында орын алған саяси қайшылықтарды реттеу үшін қаншалықты тырысқанымен, оның көп әрекеттері сәтсіз болды және оның сәтсіз әрекеттері Ресей үкіметі тарапынан қатты сынға алынды. Ақыры, 1734 жылы, Ресей императоры І Петрдің заманында 1721 жылы Стамбулға елші болып аттанып, өзінің нәтижелі еңбектері арқасында Ресей империясының осман империясындағы «резиденті» атағына ие болған И.И.Неплюев өзінің елшілік қызметінен босатылды.

И.И.Неплюев елшілік қызметі барысында жақсы қызметі үшін көптеген атақтарға (1724 жылы 3 рангтегі мемлекет қызметкері, 1726 жылы 1 рангтегі мемлекеттік қызметкер, 1728 жылы капитан-командор, 1730 жылы флот адмиралы) ие болды. Оның қызметтен босатылуына сол кездегі мемлекеттік биліктің ішкі саяси қитұрқы әрекеттері себеп болды. Бірақ, ол қызметінен босатылғанына қарамастан, бірқатар халықаралық мәселелерді шешуде белсене ат салысты. 1740-1741 жылдары Киевте губернаторлық қызметте болды. [24, 20 б.]. Кейіннен И.И.Неплюев 1743-1744 жылдары Орынбор губерниясын құруға және оны басқаруға жіберіледі. Ол түрік тілін жақсы білетіндіктен, Орал өңіріндегі, Сібірдегі түркі халықтарын (қазақ, татар, башқұрт, т.б.) артық күш қолданбастан Ресей империясына, соның ішінде өзі негізін қалап отырған Орынбор губерниясына бағындыру жұмыстары тапсырылады. Өйткені, бұл уақытта Ресей империясы Қазақстан мен Орта Азия территорияларын бағындыру туралы өзінің геостратегиялық жоспарларын жүзеге асыруды бастап жіберген еді. Алайда бұл процесс ұзақ уақытты қамтыды. И.И.Неплюевтің Орынбордағы қызметі алғашында көрші қазақ, башқұрт және басқа да халықтармен сауда қатынастарын орнатумен байланыстырылды [25, 190 б.]. Сонымен қатар, Қазақстан мен Орта Азияға тереңдеп енуде маңызды роль атқарған Орынборды үлкен қалаға

айналдырып, губернаторлықтың аумағын кеңейтумен шұғылданды. Бұл факторларға талдау жасай отырып, біз И.И.Неплюевтің тек Ресей мен Осман империясының арасындағы саяси мәселелерді шешуге қызмет етпестен, сонымен қатар, Ресей империясымен көрші орналасқан бүкіл түркі тілдес мемлекеттердің территорияларын Ресей империясына қосылуында көп қызмет еткендігі туралы тұжырым жасаймыз.

Қорыта айтқанда, И.И.Неплюевтің 1721-1734 жылдар аралығында Осман империясында атқарған саяси және дипломатиялық, сонымен қатар діни қызметі Ресей үшін өте маңызды болды. Стамбулдағы ресейлік резиденттің басты құндылықтарының бірі Отан мүддесін қорғап, қауіпсіздікті қадағалау болды. Стамбулдағы Ресейдің саяси және дипломатиялық миссиясының орындалуы мен мемлекеттер арасында ауқымды агенттік желісінің пайда болуы мен шетелдік байланыстардың біркелкі жинақталу жүйесін қамтамасыз етуде И.И.Неплюевтің атқарған еңбегі мол болды. Елшінің табысты қызметінің негізгі бір бөлігі оның командасының кәсіби деңгейі мен миссия басшысының қол астындағы қызметкерлерімен жақсы қарым қатынаста болуы болып табылады. Ол өзінің артынан тек елшілік жанында аудармашылар мектебін ғана қалдырған жоқ, сонымен қатар өзінің оқушыларын – болашақ ізбасарларын А.А. Вешняков пен А. Неплюев секілді шәкірттерін өз орнына резидент қызметіне қалдырып кетуді жоспарлады. Шығыс саясатының өзгергіш ортасында орыс дипломатиялық қызметін қадағалап жақсы ретке келтіру механизмін қалыптастыру үшін, И.И.Неплюев Стамбулда батыс державалар өкілдері арасында олармен терезесі тең дәрежеге жетуге талпынды. Император І Петрдің өзі тәрбиелеп шығарған Ресейдің Осман империясындағы резиденті И.И.Неплюевтің, Стамбулдағы саяси тартыстар мен дипломатиялық келісімдер барысында үнемі өз мемлекетінің мүддесінің қорғауы оның нағыз дипломат екенін көрсетіп берді. Жоғарыда атап өткеніміздей, И.И.Неплюевтің қызметіндегі осыған ұқсас әр түрлі жағдайларды талдай отырып, оның Стамбулда он төрт жыл бойына резидент қызметін өз мемлекеті үшін жоғары деңгейде атқарғандығын және Стамбулда орыс дипломатиялық мектебінің қалыптасып, оның дамуына үлкен үлес қосқанын көре аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі.

1. А.Широкоград. Друзья и враги России. Турция пять веков противостояния. М. «Вече» 2009. – С. 400
2. Письма и бумаги императора Петра великого.- М., 1992. – С.480
3. Павленко Н.И. Петр Великий.- М., 1990. - С. 581
4. Турилова С.Л. История внешнеполитического ведомства России (1720-1832) - М. : Изд-во ин-та психологии РАН, 2000. – С.80
5. Очерк истории Министерства иностранных дел (1802-1902) [Текст]. - СПб. :Изд-во МИД, 1902. - С. 206
6. Молчанов Н.Н. Дипломатия Петра I. М., 1990. – С. 443

7. Бобылев В.С. Внешняя политика России эпохи Петра I. М., Изд-во УДН 1990. – С. 168
8. Сухарева О.В. Кто был кто в России от Петра I до Павла I / О.В. Сухарева. – М. «Издательство АСТ», 2005. – 704 с.
9. Государева М.Ю. Личность в истории: И.И. Неплюев [Текст] : моногр. / РВВДКУ - Рязань, 2010. – С. 202.
10. Климанов Л.Г. Первый русский резидент в Константинополе [Текст] // Вопросы истории. - 1979. - № 12. - С. 176-180.
11. Жизнь Ивана Ивановича Неплюева, // Отечественные записки. 1823-1826 Ч.16, - С. 117
12. Письма и указы Екатерины Великой И.И. Неплюеву // Русский архив. 1884. № 1. С. 251–265
13. Империя после Петра (1725-1765). (Мемуары Я.П. Шаховского, В.А. Нащокина, И.И. Неплюева) /Примеч., В.П. Наумов. М. 1998. - С.385-448.
14. Записки Ивана Ивановича Неплюева (1693 - 1773). СПб., 1893. – С. 206
15. Записки Ивана Ивановича Неплюева. // Воспоминание И.И.Голикова об И.И.Неплюеве. – С.197
16. Государева М.Ю. Русская дипломатическая миссия в Стамбуле 20-30 годы XVIII в. // Вестник РГПУ им. С.А. Есенина № 30. 2011. – С. 96-106
17. Сотавов Н.А. Северный Кавказ в русско-иранских и русско-турецких отношениях в XVIII в. М. Наука. 1991. – С.224
18. Государева, М.Ю. Роль российского посланника И.И. Неплюева в подготовке Константинопольского договора 1724 г. между Россией и Турцией //Аспирантский вестник РГПУ им.С. Есенина. 2005. № 6.С.66-74.
19. Карташев, АЗ. История Русской церкви [Текст] : в 2 т. - М. : Эксмо-Пресс, 2000. - Т. 2. - 816 с.
20. Булыгин И. А. Церковная реформа Петра I // Вопросы истории.- 1974.- №5.- С. 79-93.
21. Мустафазаде Т.Т. Азербайджан и русско-турецкие отношения в первой трети XVIII в. Баку, 1993;
22. Мустафазаде Т. Т. Стамбульское восстание 1730 года (по реляции русского резидента И. И. Неплюева) // Восток. Афро-азиатские общества: история и современность. Институт Африки РАН, 2006. № 3. - С. 121-128.
23. О качествах, потребных послу //Международная жизнь. 1994. № 5. С. 110.
24. Государева, М.Ю. Иван Иванович Неплюев – личность и деятельность. / Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук Рязань 2006. – С. 24
25. Торопицын И. В. «Чтоб и астраханское купечество с киргиз-кайсаками в торгу участие иметь могло»: В. Н. Татищев и И.И.Неплюев: два подхода к развитию русско-казахской пограничной торговли. 1744 г. // Исторический архив. 2009. № 1. — С. 188-198.

